

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Т. ТҰЯҚБАЙ¹Р. ТҰЯҚБАЕВА²

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан¹
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²
(e-mail: ttuyakbay@gmail.com¹, rahmanberdina@mail.ru²)

АБАЙ МЕН ГЁТЕ: ДАНЫШПАҢДАР ДИАХРОНИЯСЫ

Аңдатпа. Әр түрлі кезеңде өмір сүріп, әрқайсысы алуан-алуан елдерде, түрлі-түрлі тілдерде таңғажайып шығармалар жазып қалдырған ұлы қаламгерлер туындыларындағы рухани үндестіктер мен ортақ сарындардың түп-тамырларын зерделей қарастырып, салыстыра тексеру, ізерлей зерттеу әдебиеттануда біршама тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Осы мақалада Абай мен Гётенің көбелек туралы жазылған өлеңдері салыстырыла отырып, екі ақынның шығармаларындағы ортақ сарындар, олардың өзара ұқсастықтары және айырмашылықтары жөнінде компоративті талдау негізінде оқшау ой түйіп, тың тұжырым жасалды. Екі ақынның ортақ тақырыбы ретінде көбелек образы алынғанымен, ол көбінесе шартты түрде көркемдік-эстетикалық мәнде қарастырылды және әлімсақтан келе жатқан қалыпты дискурстық қарым-қатынас шеңберінен біршама шығуға тура келді. Сондай-ақ, шығармалардағы мезгілдік-мекендік ұғымдар (хронотоп) мәселесіне де өзгеше өлшемдер қолданылды. Оның себебі, авторлық ұстанымдары әрқалай ақындардың бөлекше бітім-болмыстарын бір мезгілде бір арнаға тоғыстыру мен олардың өзіндік стильдерін бір-бірінен айрықша ажыратып көрсету бастапқыда қисынсыз істей көрінгенімен, түпкі нәтиже осы тәсілдің де нақты бір тың әрі тиянақты тұжырымға табан тіреуге мүмкіндік беретінін байқатып отыр. Мәтін талдау барысында Гётенің тұңғыш рет қазақ тіліне аударылған көлемді шығармасы да зерттеу материалы ретінде пайдаланылып, авторлық интерпретацияға басымдық берілді.

Түйін сөздер: диахрония, интерпретация, компоративизм, натурфилософия, образ, символизм, хронология.

Кіріспе. Абайдың «Тотықұс түсті көбелек» деп басталатын бір ғажап өлеңі бар. Көбелек туралы. Жай ғана көбелек емес, қанатын жайып жіберсе, тотықұстай түрленіп шыға келетін тіршілік иесі...

Көбелек туралы өлеңді кім жазбады екен дерсіз? Иә, рас. Мәселен, Гётенің де «Шексіз сағыныш» («*Selige Sehnsucht*») деп аталатын, көбелек жайында жазылған сондай өлеңі барын білеміз. Осы екі алып тұлғаның аталмыш өлеңдерін өзара түпнұсқа тілдерінде салыстыра отырып, зейіндеп, зерделеп көрелік.

Абайдан: «*Тоты құс түсті көбелек // Жаз сайларда гүлемек*» [1, 407] екенін білсек Гётеден: «*Махаббаттың түні сергек самалы // Сені жарық дүниеге әкелген. // Маздай жанып тұрған кезде шам әлі // Арылмайсың жат сезім мен қатерден*» [2, 51] дегенді оқимыз («*Сені*» дегені – көбелек). Бұл үзінділерден білгеніміз – екі автордың да лирикалық кейіпкерінің кәдімгі көбелек екендіктері. Кейде өлең тақырыптары ұқсастығының, олардың сыртқы пішіндері (формалары) бірдейлігінің кездейсоқтық болуы да мүмкін. Әйтсе де екі өлең мәтінінің ішкі мазмұнынан олардың бір-бірінен айырмашылықтарын да, өзара ұқсас,

ортақ сарындарын да байқаймыз. Енді осы айрықша ерекшеліктер мен ортақ сарындар жайында өзге зерттеушілер не дейді екен? Зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, екі ұлы ақынның өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары кейіпкері көбелек болған өлеңдері арқылы талданады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында әдебиеттану, лингвистика, әдебиет теориясы, тарих, философия, аударма мәселеріне байланысты отандық және шетелдік ғалым-зерттеушілер еңбектеріне шолу жасалды. Абай мен Гете өлеңдері туралы пайымды пікірлеріне сүйене отырып, көбелек образы арқылы екі ақынның өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары сараланды. Жұмыс барысында жүйелі сипаттау, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдіс-тәсілдерін қолдандық. Сондай-ақ әдебиеттанудағы көркем шығарманы талдаудың мұраты идеялық-образдық бірліктің табиғатын кең көлемде зерттеу, жекелеген туындыны қарастыруда пішіннің мазмұндық сипатын, ал мазмұнды тексергенде оның көркемдік сипатын тұтастықта тану принципін негізге алдық. Автордың жекелеген туындыларын жан-жақты талдай келе творчестволық-стильдік даралығын анықтадық.

Талқылау мен бақылау. Белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абай дүниетанымында ұлттық, шығыстық жағы басым» екенін айта келіп, «...қазіргі күндегі Қазақстанның қоғамдық ғылымдар саласы евроцентристік, кеңестік, затшылдық модельдің ырқынан шыға алмай тұйыққа тірелген қалпын байқатуда. Бұл рухани дағдарыстан шығудың жолы – түбегейлі, түбірлі түрде қоғамдық ғылымдардың ескірген стереотиптік танымдарынан бас тартып, ғылымның жүретін рельсін өзгертуге бет алу керек» [3, 596] – дейді. Осындай тұжырымды толғамның үдесінен шығу үшін қазіргі зерттеушілер жауыр болған жалаң идея, жалпылама пікірлерден гөрі жалқы жағдаят пен нақты мәселеге, оқшау ойға ойыса бастағандай.

«Гёте мен Абай» атты эссесінде Герольд Бельгер екі ақынның көбелек туралы өлеңдерін салыстыра қарамаса да, жалпы түрде Абайдың әрбір өлеңі «бір кітаптың жүгін» арқалап тұратынын айта келіп: «Немесе «Тоты құс түсті көбелекті» еске түсірейікші. Соңғы төрт жолда қаншама мағына, қаншама философиялық ой, түйін жатыр!» [4, 175] – деп атап көрсете отырып, өлеңнің соңғы, үшінші шумағын мысалға келтіреді:

*Әркімді заман сүйрепек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек!* [4, 175].

Бәлкім, екі ақында мұндай ұқсастықтар, ортақ образдар жиі ұшырасатындықтан, оларға жеке-жеке тоқталып жатуды мақсат тұтпаған да болар.

Шығыстанушы ғалым И.С. Брагинский Гётенің осы өлеңіндегі көбелек пен шамның образдары шығыс ақыны Сағдидің «Жұмақ бағы» кітабында да кездесетінін мысалға келтіреді. Гёте өлеңінің де негізгі идеясы: мәңгі өлмейтін ақын сөзінің өз махаббаты үшін отқа түсуден тайынбайтын көбелектің ерлігімен пара-пар екендігін суреттейтін өзектес, сарындас идеясында жатыр [5, 579], – деп өз пікірін түйіндейді. Өлімнен тайсалмайтын көбелектің жанқиярлығы туралы көркем әдебиетте, оның ішінде шығыс аңыздары мен әфсаналарында жиі кездесетінін нақты мысалдарымен дәйектейді.

Өзбек ғалымы А. Саидовтың пікірінше, Гёте Германияда туып, өз шығармаларын сонда жазса да, рухани жағынан Шығыс ақыны болып саналады. Оның шығармаларының маңызы мен мәні, ондағы сезім, көңіл-күй ауаны шығыс адамына тән қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Сондай-ақ, зерттеушінің пайымдауынша, орта ғасырдағы Шығыс поэзиясындағы сопылық идея («Өлесің де, қайта пайда боласың!») Гётенің «Батыс-шығыс жинағын» тұтасымен қамтиды.

Сопылық идеяға байланыстыра отырып, көбелек образы туралы осылайша жалпылама пікір білдіргенімен, оның жазуынша, әлем поэзиясының барлық жеті жұлдызы да – Шығыс ақындары. Шығыс әлемінің осы жеті жұлдызы ішінен Сағди, Хафиз және Навои үшеуін бөлек атап көрсетіп, Гёте өзін олардың тырнағына да татымайды дейді [6].

Шынында да Гёте өзінің осы «Жинағына» енген «Хафизнама» («Hafis Nameh») кітабындағы «Еліктеу» («Nachbildung») атты өлеңінде Хафизді:

Келер сенің ұйқасыңа ұқсағым,

Еліктеу де кейде маған ұнайды.

Алдымен мән, сонсоң сөзді ұқса кім;

Екінші рет салмай-ақ қой бір әнді [2, 66] – деп көкке көтере мадақтайды.

Зерттеуші И. Лагутина қос тілде (орыс және неміс) тұңғыш рет 2013 жылы жарық көрген Гётенің осы «Батыс-шығыс жинағына» жазған түсініктемелерінде негізінен ақынның өзіндік поэтикалық синтез-диалог құру тетіктеріне тереңірек тоқталады. Оның пікірінше, Гёте осы кітабының кейінгі толықтырылған басылымында әрбір жекелеген сөз түгілі, тіпті, тыныс белгілеріне, мәселен, тырнақшаға дейін де үлкен мән берген: егер әдетте мәтінде тырнақша «бөгде» сөздің авторын, дәйексөзді беру үшін қолданылса, ал, Гёте керісінше өз сөздерін, ойларын «өз даусы ретінде» тырнақшаға алып береді немесе дәйексөз бен өз сөзін мидай араластырып жібереді. Ал, көбелек туралы өлеңінде өзінің субъективтік (батыстық) танымын қоса бергенімен, онда шығыстық образ менмұңдалап айқын көрініп тұрады [7, 192] – дейді.

Белгілі гётетанушы әрі аудармашы А.В. Михайлов Гётенің «Батыс-шығыс диуаны» кітабының академиялық басылымына арнайы жазған зерттеу мақалалары мен түсініктемелерінде асыл мұрат, мәңгілік махаббат идеясы жолында отқа түсуден тайынбайтын көбелек образының дәстүрлі мәдениет тілінде, әсіресе шығыс әдебиетінде жиі кездесетінін мысалға келтіреді. Сондай-ақ ол өзі де аудармашы болғандықтан, Гётенің осы кітабын көптеген орыс ақындарының түрліше аударуы себебін шығарманың аса терең философиялық мағынасынан, күрделі формасынан туындаған [8, 728] деп түсіндіреді. Жалпы алғанда, осы қысқаша шолудың өзінен-ақ неміс ақыны мен қазақ ақынының көбелек туралы өлеңдерінің жиі аталып, көбірек талқыға түскенін байқаймыз. Әйтсе де, әр ақынның шығармасы негізінен өзінің туған топырағында кеңінен таралып, жеке-дара жеткілікті талданғанымен, олардың нақты бір туындысы, атап айтқанда, көбелек туралы өлеңі бір-бірімен салыстырыла зерттеліп көрмеген екен. Оның басты себептерінің бірі: екі алыптың өмір сүрген дәуірлерінің әрқалай, яғни екеуінің жас айырмашылықтары жүз жылдай уақытты алып жатса, екіншіден, қазіргі кездің өзінде де екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың қарқын ала қоймағандығынан болса керек. Оның үстіне Гёте көзінің тірісінде-ақ әлем әдебиетінен ойып тұрып өз орнын алған болса, Абайдың шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін бес жылдан соң ғана жарық көргені белгілі.

Бұдан басқа да сан алуан объективті себептердің бірі: екі елдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары да феодалдық-патриархалдық бір деңгейде болғанымен, қоғамдық ой-сана дәрежелері бірдей емес-ті. Германияда Гёте тұрған Саксен-Веймар герцогтығы өз алдына ергежейлі мемлекет болса да, онда ой еркіндігі, атап айтқанда, немістің классикалық философиясы өзінің шарықтап даму шегіне жеткен шақта Абай елінде жоғары қоғамдық ой-сананың орнына қауымдық-рулық жікшілдіктің, бақастықтың, «алты бақан алауыздықтың» өршіп тұрған кезеңі болатын. Осындай мезгіл жағынан да, мекен тұрғысынан да алып қарағанда замандары бір-бірімен мүлдем үндеспейтіндей, үйлеспейтіндей көрінетін екі ақынды олардың шығармаларындағы өзара ұқсас, ортақ тағдырлар табыстыратынына таңғалмасқа шараң жоқ. Әдебиетте мұндай құбылысты «данышпандар диахрониясы» десе керек-ті.

Осылайша екеуінің тағдыры екі бөлек автордың жоғарыда аталған өлеңдерін салыстыра қарасақ, сыртқы пішіндері әртүрлі (Абай өлеңі – 3 шумақтан, Гётенікі 5 шумақтан тұрады), өлшемдері (ұйқас түрлері, буын-бунақтары, ырғақтары, т.б.) әрқалай болғанымен, ішкі мазмұн бірлігі, символдық мән-мағынасы, идеялық тұтастығы өзектес, сарыңдас екендігі анық байқалады. Мұнан әрі тақырып, пішін, мазмұн және идея бірлігі мен тұтастығын байқау үшін екі өлеңнің де мәтінін толығымен қатар келтіреміз.

Абай:	Гёте:
<p>Тоты құс түсті көбелек Жаз сайларда гулемек. Бәйшешек солмақ, күйремек, Көбелек өлмек, сиремек.</p> <p>Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап, сөйлемек.</p> <p>Өркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек [1, 407].</p>	<p style="text-align: center;"><i>Шексіз сағыныш</i></p> <p>Данышпаннан өзге ешкімге айтпаңдар, Тобыр білсе, келекелей береді. Өлімнің де аулын көріп қайтқан бар, Мен тіріні дәріптегім келеді.</p> <p>Махаббаттың түні сергек самалы Сені жарық дүниеге әкелген. Маздай жанып тұрған кезде шам әлі Арылмайсың жат сезім мен қатерден.</p> <p>Бұдан былай қараңғыда қалмайсың, Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?! Тұрса да алда қандай биік, қандай сын, Бұл жол жаңа мұратыңа жеткізер!</p> <p>Жеткізбестей көрінсе де қашықтық, Ұшып, қонып бір мұратқа жетесің. Ақыры отқа талпындырған гашықтық Көбелек боп жанасың да кетесің.</p> <p>Қолда бары бұған дейін жеткенше: Өлесің де, қайта пайда боласың! Қап-қараңғы жерден алыс кеткенше Түнеріңкі қонақ болып қонасың [2, 51].</p>

Абайдың тотыдайын түрленген көбелегі жаз бойы мыңсайрам сайларда сайран салып, қызылды-жасыл дүниені қызықтап, рахат бір күй кешеді. Ақын бұл арада көбелекті тоты құсқа жайдан жай теңеп отырған жоқ. Жұмақ бақтарының төрінде таранған, патша сарайларының сәнін келтіретін тотылар аңызға айналып, қасиетті, киелі құс саналған... Міне, бәйшешек солып, жайраң жаздың жәрмеңкесі тарқағанда сол «тоты құс түсті көбелек» те өлмек екен. Осы бір шумақ өлеңмен-ақ Абай көбелегінің тағдыры тәмам болғандай... Ал, Гётенің көбелегі қайтеді? Ақын өз өлеңінің алғашқы шумағын адамдарға арнай отырып, отқа ұмтылған көбелектің «құпия тағдыры» тобырға емес, данышпанға ғана тәмсіл бола алатынын айтып өтеді. Тумысынан табиғат, жаратылыс зерттеушісі, натурфилософ – дүниәуи дарын Гёте өзінің әрбір лирикалық кейіпкерінің сыртқы пішін-порымын ғана суреттеп қоймай, сонымен бір мезгілде оның ішкі жан-дүниесіне де терең үңіліп, ғылыми тұрғыдан шұқшия зерделейді (Бұған оның «Өсімдіктер метаморфозасы», «Жануарлар метаморфозасы» деп аталатын және басқа да ғылыми-зерттеу еңбектерін мысалға келтіруге болар еді). Өлеңнің екінші шумағынан бастап қана «Махаббаттың түні сергек самалы // Сені жарық дүниеге әкелген» дейді Гёте өз оқырманын көбелектің «өмірбаянынан» хабардар ете отырып. Іле шала: «Маздай жанып тұрған кезде шам әлі // Арылмайсың жат сезім мен қатерден» деп, көбелектің жанып тұрған шамды («Kerze») айнала ұшып жүргенін, бұл оған қауіп-қатер төндіретінін көреміз. Бұл, әрине, заңды да: кез келген көзсіз көбелек лапылдап жатқан от-жалынға қойып кетуі де кәдік! Әйтсе де Гёте далада немесе пеште (каминде) лапылдай жанып жатқан отты емес, бар болғаны бөлмедегі маздай жанып тұрған балауыз шамды көрсетеді. Көз алдымызға түнгі мезгілде жұмыс істеп отырған ақын, үстел үстіндегі шам және жарықты айнала ұшқан көбелек келеді...

Ақын көбелекпен сырласып отыр:
Бұдан былай қараңғыда қалмайсың,
Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?!

Тұрса да алда қандай биік, қандай сын,

Бұл жол жаңа мұратыңа жеткізер! [2, 51] – дейді. Ақын жаны адам түгілі, көбелектің де қараңғыда қалмай, жарыққа ұмтылғанын қалайды. Тіпті, алдыңда қандай қиындық, мейлі, сансыз сынақ тұрса да, таңдаған жолың сені жаңаша бір мұратыңа жеткізеді, деп, көбелекті сендіреді, жігерлендіре түседі.

Гёте бұл арада, әрине, көбелекті көзсіз ерлікке – өлімге итермелеп отырған жоқ. Керісінше, «өзекті жанға бір өлім» бар екенін білсе де, жарық пен көлеңкенің бітіспес айқасында ажалдан араша сұраудың қажеті жоқ екенін: «Сол да өмір ме көлеңкеде өткізер?!» деген сөздерімен шегелей түседі.

Әрі қарай оқиық:

Жеткізбестей көрінсе де қашықтық,

Ұшып, қонып бір мұратқа жетесің.

Ақыры отқа талпындырған қашықтық

Көбелек боп жанасың да кетесің [2, 51].

Міне, осы арада Гётенің көбелегі де «отқа... жанып» кетіп, опат болады. Абайдың көбелегі – өлеңінің бірінші шумағында, ал, Гётенің көбелегі өлеңінің төртінші шумағында өліп қалады.

Әйтсе де, Абайға қайта оралайық. Бірінші шумақта табиғаттың заңы бойынша бәйшешек солып, көбелек өліп қалған соң өзінің ақындық кредосына сәйкес («Өлсе өлер табиғат, адам өлмес») Абай табиғатты жырлаудан бірден адамзат тақырыбына («Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп») ауысады:

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап, сөйлемек.

Абайдың қай шығармасын алып қарасақ та, мейлі ол табиғатты жырласын, мейлі, махаббатты мұңдасын, тақырыбының түйіні, идеясының иіні адамға, адамзатқа келіп тіреледі. Міне, осы өлең шумағындағы «сүймектен» бастап «сөйлемекке» дейінгі адамдық қасиеттің барлығы да – тек адамзат баласына тән, соның өмір-тіршілігіне ғана керекті іс-әрекеттер. Ал, тіршілік иесі көбелекке тән қасиет, оның тағдыр-таланы «жаз сайларда гулемек» және «өлмек» қана ма екен? Гётенің көбелегі қайтпек?

Неміс ақыны осы өлеңіне былайша нүкте қояды:

Қолда бары бұған дейін жеткенше:

Өлесің де, қайта пайда боласың!

Қап-қараңғы жерден алыс кеткенше

Түнеріңкі қонақ болып қонасың [2, 51].

Өлеңнің соңғы шумағынан көбелектің өзі отқа барып түсіп, бостан-босқа өлмегенін білеміз (Өлесің де, қайта пайда боласың!). Гёте құдды бір жаратушы құдайдай өзінің көбелегіне: «Stirb und werde!» (Сөзбе сөз: «Өл де, тіріл!») деп бұйырады! Демек, Гётенің пайымынша, көбелек қайта тууы үшін отқа түсіп өлуі керек екен. Ақын өлеңінің түпқазық идеясы да («Тумақ бар да, өлмек бар!») осы арада жатқандай! Өлеңнің соңғы екі жолынан да шығыс даналығының сарыны («Адам баласы – бұл өмірге келген қонақ») байқалады.

Ал, Абайдың көбелегі де, адамы да алабөтен. Өлеңі «Тоты құс түсті көбелек» деп басталып, соңғы шумағы адам мен заман туралы өз тиянақ-тұжырымымен былайша түйінделеді:

Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек.

Абай өлеңінің осы бір шумағының өзі айрықша тоқталып, терең талдауды қажет ететіндіктен әрі көбелек тақырыбынан ауытқып кетпеу үшін бұл жайындағы оқшау ойларымыздың осы арада ошарылғанын жөн көрдік. Нақтырақ алғанда екі алыптың

осы өлеңдерінің бір-бірінен айырмашылығы аздау: Гётенің өлеңі адам туралы басталып, көбелекпен аяқталса, Абайдың өлеңі көбелек туралы басталып, ақыры адамзат туралы, адам мен заман жайындағы тұжырымдармен тиянақталады. Бұл – сырт көрінісі ғана. Ал, ішкі мән-мағынасы, мазмұны жағынан алып қарағанда, екі ақынның образдық ойлау, тұжырымдау, тиянақтау жүйелерінде өзара ұқсастықтар молынан ұшырасады. Бұл құбылысты ортақ сарындар диахрониясы тұрғысынан талдап, түсіндіре аламыз.

Абайдың тікелей көбелек тақырыбына арнай жазылған өлеңі жоқтың қасы. Тіпті, күллі шығармашылығында «көбелек» сөзі үш-ақ өлеңінде ұшырасады екен [9, 266]. Жоғарыда толық келтірілген бір өлеңінде «көбелек» екі рет қолданылса, «Жазғытұры» өлеңінде: «Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу, // Көбелек пен құстар да сайда ду-ду» [1, 184] деп келетін жолдар бар.

Егер Абайдың осы екі өлеңіндегі «көбелекті» қатар қойып, мезгілдік-мекендік (хронотоп) тұрғыдан салыстырып қарайтын болсақ, классицизм қағидаларының белгілерін (іс-әрекеттің бір мезгілде, бір орында өтуі) байқаймыз. Алайда мұны кездейсоқтық та, ақынның классицизм қағидаларын ұстануы да дей алмаймыз.

<p>Абай: Тоты құс түсті көбелек Жаз сайларда гүлемек. Бәйшешек солмақ, күйремек, Көбелек өлмек, сиремек. [1, 407]</p>	<p>Абай: Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу, Көбелек пен құстар да сайда ду-ду. Гүл мен ағаш майысып қарағанда Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су. [1, 184]</p>
---	---

Анығында бұны Абайдың өзіндік қолтаңбасы (ақындық стилі) деп те түсіндіруге болады. Екі өлеңде де көбелектің мекені – сайда (сайларда), тіршілік ету мезгілі (көбелек гүлемек, өлмек, сиремек, бәйшешек солмақ, күйремек, көбелек те, құстар да ду-ду, гүл мен ағаш майысып қарайды, су бұраңдап ағады, т.б.) – жаз (жазғытұры) екені тайға таңба басқандай көрініп тұр. Ақын сөзінің сыр-сипаты – өзі айтқандай, «әсіре қызыл емес», нақты, реалды өмір, боямасыз тіршілік көрінісі. Бұл құбылыс ақынның нағыз реалист суреткер екенін тағы да дәлелдей түседі.

Абайдың көбелекті ауызға алатын тағы бір өлеңін атап өтпеске болмас. Ол «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп басталатын өлеңінде:

*Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан гибрат алар жан бір бөлек-ті» [1, 348],*

дейді тағы да көбелек туралы. Әйтсе де, бұл көбелектің жайы мүлдем бөлек. Анығын айтқанда, Абай осы өлеңді В.А. Крыловтан аударғандықтан, түпнұсқадан ауытқымай, «Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп» деп, аянышты халдегі «сынық қанат көбелектің» тағдырын адам өмірімен астастыра, салыстыра жырлайды. Алайда, Абай бұл арада да көбелек образын идеялық-символикалық мәнде ала отырып, сол көбелектен «гибрат алар жан бір бөлек-ті» деп, адам өмірі мен көбелек тіршілігін өзара салыстырғанымен, бұлардың екеуі екі бөлек дүние екенін атап көрсетеді. Терең философиялы өлең аудармасы сәтті, пішіні мен мазмұны келісімді болғанымен, ондағы автордың көбелек концептісінің неліктен Абайдан өзгеше екендігі айтпаса да түсінікті.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Гётенің де өзінің махаббаты үшін отқа түсуден тайынбайтын көбелек туралы идеялық-символикалық концептісі оның мәңгілік махаббат, әлемдік әдебиет идеяларымен іштей қабысып жатыр. Осы арада оның «Шексіз сағыныш» өлеңі мен әйгілі «Фаусты» да мазмұндық, идеялық, символикалық жағынан өзектес, сарындас екеніне кейбір зерттеушілер нақты дәлелдер мен дәйектер келтіреді. Гёте шығыстық сарын бойынша көбелектің сопылық образын өзінше түсіндіреді: өлім деген – өмірдің толыққанды, жаңа сатысына ауысу, дейді ол жан мен тән туралы толғанғанда,

яғни, от дегеніміз – құдай, көбелек – жан, ал, өлім деген – адамның құдаймен одағы, [10, 63] деп пайымдайды.

Нәтижелер. Жалпы алғанда, Абай мен Гёте шығармаларында ортақ тақырып ретінде көбелек образы негізінен идеялық-символдық мәнде қаралғанымен, екі алыптың «образға кіру» тәсілдері екі бөлек екені тайға таңба басқандай анық байқалады. Мұның себебін екі автордың философиялық-эстетикалық көзқарастарының өзіндік ерекшеліктері арқылы түсіндіруге болады. Натурфилософ ретінде Гёте көбелегінің образы метафизикалық-материалистік тұрғыдан қарастырылса, Абайдың көбелегі әрі реалистік, әрі идеялық-символдық мәнге ие. Гёте өзінде «жетпей тұрған» романтикалық-идеалистік тәсілді шығыс сарындарынан іздесе, Абай көбелегінде батыс дүниетанымына тән реалистік (материалистік) сипат та, сопылық (романтикалық-идеалистік) сарындары да табиғи төлтума түрінде «тумысынан» бар. Екі ойшылдың өзіндік философиялық-эстетикалық ойлау жүйелерін осындай ортақ идеялық-символдық тұрғыдан салыстыра талдағанда, олардың шығармаларынан батыс-шығыс синтезі айрықша көзге түседі. Бір таңқаларлығы, бұл синтезден қандай да бір жасандылықтың ізі байқалмайды, керісінше, осы арада қарапайым қағидалық (материалистік-идеалистік) түсініктен гөрі жоғары деңгейдегі шығармашылық парасат-пайымның көзге көрінбейтін табиғи түйсікпен тоқайласуы ерекше сезіледі. Токетерін айтқанда, Абай мен Гёте дүниетанымына мезгілдік-мекендік диахрония ғана емес, сонымен бір қалыпта таза рационалдық әрі экзистенциалдық көркемдік ойлау жүйесі тән деуге толық негіз бар.

Қорытынды. Жоғарыда атап өткеніміздей, Гётенің «дәйексөз бен өз сөзін» ғана емес, керек десеніз, өз өлеңдерінің хронологиялық тәртібін де қатаң сақтамай, оларды мидай араластырып жіберетіні байқалады. Алайда, бұл арада Гёте өлеңдерінің хронологиясы емес, оның көбелегі туралы көркемдік шешім: «*Bist du, Schmetterling, verbrannt.*» (қазақшасы: «Көбелек боп жанасың да кетесің!») [2, 50] дегені маңыздырақ болғандықтан, Абайдың көбелегі де осындай образ-ойға оранады: «Көбелек өлмек, сиремек» (немісшесі: «*doch stirbt nicht auch der Schmetterling?*») [11, 66].

Халық өлеңдерінде де көбелек пен оның отқа «махаббаты» туралы: «*Сен от болсаң, мен болайын көбелек, // Махаббатсыз маған өмір не керек?*» деп жырланса, сол халық әдебиетінің, ұлылар сөзінің бүгінгі сарыны да осылай: «*Бір үмітім – сынық қанат көбелек, // Көбелегім көркем еді керемет, // Айтып-айтпай не керек! //...Қалай сынған қанаты?! // Қызыл-сары жалын болып жанатын, // Үлбіреген үмітім, // Тілеуін мен тілеуші едім күні-түн*» [12, 4] деп келеді. Бұны енді дәстүр жалғастығы, сарын сабақтастығы дей аламыз.

Ендеше, өз халқының төл мәдениеті мен дәстүрлі дүниетанымынан мейірі қана сусындаған Абайдың: «*Адамзатқа не керек: // Сүймек, сезбек, кейімек*» деп немесе басқа бір өлеңінде: «*Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті*» [1, 409] деп жырлауында да, зор махаббат иесі көбелектің образын әлемдік символикалық-идеялық деңгейге көтеруінде де терең философиялық мән жатыр.

Гёте көбелегі образының да Абай көбелегімен тағдырлас, символикалық-сюжеттік сарындас келетінін әлем әдебиеті алыптарының рухтары өзара иықтас, деңгейлес тұрғанда ғана осылайша тұжырымдап, дәйектей аламыз. Бұл – әрқилы мезгіл-мекен факторларына бағына бермейтін, көркемдік болмысы толық бедерленген, «данышпандар диахрониясы» деп аталатын имани құбылыс.

Осындай данышпандар шығармасындағы рухани үндестікті түркі дүниесінің ойшылы Қожа Ахмет Ясауи мен ұлы Абай шығармашылығын салыстыра талдаған зерттеушілер еңбегінен де көруге болады. Мұның өзі «ізгілік дүниетанымы жаратылыс болмысын тануда дала ойшылдарының туындылары уақыт өлшеміне бағынбайтындығының» [13, 95] тағы бір дәлелі болса керек.

Адамзаттың Абайы атанған ақын мұрасын тану, зерттеу, зерделеу және оны болашақ жас ұрпаққа жеткізу әрқашанда өзекті мәселенің бірі. Зерттеушілер бабаларымыздан қалған рухани байлық, мәдени құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру барысында білім беруде заман талабына сай жаңа технологияны қолданудың маңызы ерекше екендігін

атап өтеді [14]. Осы тұрғыда абайтанушы ғалымның: «Абай: Толық адам ілімі» рухани қажеттілікке айналып отыр. Өйткені бұл ілім жас ұрпаққа жетілген, кемелденген мінез-құлықты қалыптастырып, сырттан еніп жатқан жат қылықтардан сақтайтын «қазақ қорғаны» болады [15] деген тұжырымын ескерген жөн, себебі ақын шығармалары халықтың рухани тірегі болатын адамгершілік, сүйіспеншілік, ізгілік мұраттарымен үндесіп жатыр.

Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.
2. Goethe / Гёте. West-oestlicher Divan / Батыс-шығыс жинағы (неміс және қазақ тілдерінде). Неміс тілінен аударған Төре Рахман. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 288 б.
3. Мекемтас Мырзахметұлы. Абайдың шығыстық әлемі. – Халықаралық Түркі академиясы, 2020. – 680 б.
4. Герольд Бельгер. Мұнар тау (Әңгімелер, эссе, толғаулар, жазбалар) – Алматы: Өлке, 2006. – 304 б.
5. Брагинский И.С. Западно-восточный синтез в «Диване» Гёте. // Гёте. Западно-восточный диван. – М.: Наука, 1988. – 896 с.
6. Саидов А. «Шарққа хижрат эрур вожиб...» // «Узбекистон адабиёти ва санъати» газетаси. 2009 йил 31-сони.
7. Лагутина И.Н. «Западно-восточный диван» Гёте: опыт интерпретации // Достоевский и мировая культура. 2019. №1(5). – С. 189-217.
8. Гёте. Западно-восточный диван. – М.: Наука, 1988. – 896 с.
9. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
10. Кессель Л.М. Гете и «Западно-восточный диван». – М.: Наука, 1973. – 120 с.
11. Abai. Zwanzig Gedichte. Nachgedichtet von Leonhard Kossut. Herausg. von Herold Belger. Onel Verlag, Köln, 2007. – 136 s.
12. Әділғазы Қайырбеков. Шер шертер. / Жыр кітабы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 224 б.
13. Алимбаев А.Е., Осеров Б.М. Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы//Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №2/2024. – Б.90-97.
14. Sarekenova K., Aimukhambet Z., Malikov K., Salikzhanova S., Zhylkybay G., Assanbayeva Y. Effects of Online Learning and Digital Conversation-Based Activities on the Transfer of Cultural Values in Language and Literature Classes // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 2023, Vol. 11, № 2, 471-492 DOI: <https://doi.org/10.46328/ijemst.3135>
15. Мырзахметұлы М. Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде.Мақала.2015, 27 маусым. «Жұлдыз журналы» // URL: <https://abai.kz/post/41056>

Т. ТУЯКБАЙ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Р. ТУЯКБАЕВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

АБАЙ И ГЕТЕ: ДИАХРОНИЯ ГЕНИЕВ

Аннотация. Изучение и сопоставление духовных созвучий и общих мотивов в произведениях великих писателей, живших в разные периоды, написавших удивительные произведения в разных странах, на разных языках, позволяет сделать несколько новых выводов в литературоведении.

В этой статье, сравнивая стихи Абая и Гете о бабочке, на основе компаративного анализа общих черт, их сходства и различий в произведениях двух поэтов был сделан новый вывод.

В качестве общей темы для обоих поэтов был взят образ бабочки, но она во многом рассматривалась условно в художественно-эстетическом смысле и несколько выходила за рамки уже сложившихся дискурсных отношений. Применены иные критерии к вопросу о временно-пространственных понятиях (хронотоп) в произведениях. Причина в том, что поначалу казалось нелогичным объединять в одно русло отдельные личности поэтов и отличать друг от друга их оригинальные стили, но конечный результат показывает, что этот подход также позволяет прийти к четкому и основательному выводу.

В ходе анализа текста в качестве исследовательского материала использовалось объемное произведение Гете, впервые переведенное на казахский язык, при этом приоритет отдавался авторской интерпретации.

Ключевые слова: диахрония, интерпретация, компоративизм, натурфилософия, образ, символика, хронология.

T. TUYAKBAY

Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan

R. TUYAKBAYEVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan

ABAI AND GOETHE: DIACHRONY OF GENIUSES

Annotation. The study and comparison of spiritual harmonies and common motifs in the works of great writers who lived in different periods, wrote amazing works in different countries, in different languages, allows us to draw several new conclusions in literary studies.

In this article, comparing Abai and Goethe's poems about the butterfly, a new conclusion was made based on a comparative analysis of common features, their similarities and differences in the works of the two poets.

Although the image of a butterfly was taken as a common theme for both poets, it was largely considered conditionally in an artistic and aesthetic sense and somewhat went beyond the already established discursive relations. Other criteria have also been applied to the question of time-spatial concepts (chronotope) in works. The reason is that, although at first it would seem illogical to combine the individual personalities of the poets into one channel and distinguish their original styles from each other, the end result shows that this approach also allows us to come to a clear and thorough conclusion.

During the analysis of the text, Goethe's voluminous work, translated into Kazakh for the first time, was used as a research material, while priority was given to the author's interpretation.

Keywords: diachrony, interpretation, comporativism, natural philosophy, image, symbolism, chronology.

References

1. Abai. Şyğarmalarynyň akademiýalyq tolyq jinağy. Birinşi tom. Öleñder men audarmalar. – Almaty: Jazuşy, 2020. – 640 b.
2. Goethe / Göte. West-oestlicher Divan / Batys-şyğys jinağy (nemis jäne qazaq tilderinde). Nemis tilinen aударған Төре Раһман. – Nür-Sülтан: Foliant, 2019. – 288 b.
3. Mekemtas Myrzahmetuly. Abaidyň şyğystyq älemi. – Halyqaralyq Türkı akademiasy, 2020. – 680 b.
4. Geröld Belger. Mūnar tau (Äñgimeler, ese, tolğaular, jazbalar) – Almaty: Ölke, 2006. – 304 b.
5. Braginski İ.S. Zapadno-vostochnyi sintez v «Divane» Göte. // Göte. Zapadno-vostochnyi divan. – M.: Nauka, 1988. – 896 s.
6. Saidov A. «Şarqqa hijrat erur vojib...» // «Uzbekiston adabiöti va sanati» gazetasi. 2009 iil 31-soni.
7. Lagutina İ.N. «Zapadno-vostochnyi divan» Göte: opyt interpretasii // Dostoevski i mirovaia kültura. 2019. №1(5). – S. 189-217.

8. Göte. Zapadno-vostochnyi divan. – M.: Nauka, 1988. – 896 s.
9. Abai tılı sözdığı. – Almaty: Öner, 2011. – 616 b.
10. Kessel L.M. Gete i «Zapadno-vostochnyi divan». – M.: Nauka, 1973. – 120 s.
11. Abai. Zwanzig Gedichte. Nachgedichtet von Leonhard Kossut. Herausg. fon Herold Belger. Önel Verlag, Köln, 2007. – 136 s.
12. Ädilğazy Qaiyrbekov. Şer şerter. / Jyr kitabı. – Almaty: Ana tılı, 1998. – 224 b.
13. Alimbaev A.E., Oserov B.M. Qoja Ahmet İasauı jäne Abai Qūnanbaiūly şyğarmalaryndağy izgiliktiñ jyrlanuy//Eurasia gumanitarlyq institutyńyñ Habarşysy.–№2/2024.–B.90-97.
14. Sarekenova K., Aimukhambet Z., Malikov K., Salikzhanova S., Zhylykybay G., Assanbayeva Y. Effects of Online Learning and Digital Conversation-Based Activities on the Transfer of Cultural Values in Language and Literature Classes // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 2023, Vol. 11, № 2, 471- 492 DOI: <https://doi.org/10.46328/ijemst.3135>
15. Myrzahmetūly M. Abaitanu – XXI ғасыр köginde. Maqala. 2015, 27 mausym. «Jūldyz jurnaly» // URL: <https://abai.kz/post/41056>

Авторлар туралы мәлімет:

Тұяқбай Төрегелді – саяси ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а., Алматы, Қазақстан.

Тұяқбай Төрегелди – кандидат политических наук, и.о. профессора Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Tuyakbai Toregeldi – Candidate of Political Sciences, Acting Professor Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Тұяқбаева Рабиға Рахманбердіқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті м.а., Астана, Қазақстан.

Тұяқбаева Рабиға Рахманбердиевна – кандидат филологических наук, и.о. доцента Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Tuyakbayeva Rabiga – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.